

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНДЕГІ КӘСІПКЕРЛІК
УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ РӨЛІ

РОЛЬ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКИХ УНИВЕРСИТЕТОВ
В АГРОПРОМЫШЛЕННОМ КОМПЛЕКСЕ КАЗАХСТАНА

THE ROLE OF ENTREPRENEURIAL UNIVERSITIES
IN AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX OF KAZAKHSTAN

А.О. БАЗАРБАЕВ¹

э.ғ.к., доцент

Б.Қ. ТУНДИКБАЕВА^{*2}

PhD докторанты

Б.Қ. КУПЕШОВА¹

экономика ғылымдарының магистрі

¹ *Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан*

² *КИМЭП университеті, Алматы, Қазақстан*

**Bakytgul@kimep.kz*

А.О. БАЗАРБАЕВ¹

к.э.н., доцент

Б.К. ТУНДИКБАЕВА²

докторант PhD

Б.К. КУПЕШОВА¹

магистр экономических наук,

¹ *Университет Нархоз, Алматы, Казахстан*

² *Университет КИМЭП, Алматы, Казахстан*

А.О. BAZARBAEV¹

C. E Sc., Associated Professor

В.К. TUNDIKBAYEVA²

PhD student

В.К. KUPESHOVA¹

Master of Economic Sciences

¹ *Narхоз University, Atmaty, Kazakhstan*

² *KIMEP University, Almaty, Kazakhstan*

Аңдатпа. Авторлар ел экономикасын дамытудың жаңа инновациялық моделінің элементтерінің бірі ретінде кәсіпкерлік университеттерді қалыптастырудың рөлін көрсету және проблемаларды шешу жолдарын ұсыну мақсатын қойды. Әлемде және республикада пандемияға қарсы қалыптасқан жағдайға байланысты жоғары оқу орындарындағы ғылыми зерттеулердің аграрлық саладағы жетістіктермен өзара байланысына ерекше көңіл бөлінеді. Зерттеу және кәсіпкерлік қызметпен сипатталатын жоғары оқу орындары АҚШ, Ұлыбритания, Австралия және басқа да көптеген елдерде қауіпсіз дамып келе жатқан үштік спираль моделіне сәйкес құрылады. Ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми әзірлемелер тұтынушылардың талаптарына әрдайым сәйкес келе бермейтіні атап өтілді. Көбінесе олар білім беру жүйесінде белгілі емес немесе бәсекеге қабілетсіз болуы мүмкін, тәжірибе сұраныстарымен салыстыруға келмейді. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өндірістің маусымдылығына және кірістердің тұрақсыздығына байланысты инновациялық технологияларды игеруге және өндіріске енгізуге арналған шығындарды қаржыландыруға мүмкіндігі жоқ. Аграрлық сектордың даму серпіні (ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, ауыл шаруашылығы дақылдарының негізгі түрлері бойынша гектардан өнімділік, мал басының саны), ауыл шаруашылығы мамандықтарының білім беру бағдарламаларының сапасы көрсетілген. "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының рейтингтері негізінде Қазақстанда ғылымды қаржыландыруға арналған шығындар қарастырылған. Кәсіпкерлік университеттер жоғары оқу орындары мен агробизнес арасындағы қатынастарды үйлестіру проблемаларын шешудің нақты мүмкіндіктеріне ие, екі тараптың имиджін жақсартуға, олардың инвестициялық тартымдылығын және нарықтық ортадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Білікті кадрларды даярлау және олардың кәсіпкерлік дағдылары маңызды рөл атқарады. Бизнес пен білім заманауи талаптарға сай болуы керек [3].

Бизнеспен бірге кәсіпкерлік университеттер инновациялық кластерлер құра алады. Олардың әзірлемелері негізінде ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру мүмкіндігі пайда болады. Білім, ғылым және өндірісті интеграциялау; зияткерлік меншік өнімдері мен технологияларды коммерцияландыру үшін жағдайлар жасау; елдің аграрлық еңбек нарығы үшін жоғары білікті мамандар даярлау кәсіпкерлік университеттердің қалыптасуындағы алғышарттар. Жұмыс берушілердің пікірі бойынша мамандардың сапалы тапшылығы – түлектердің білімі мен дағдыларының орындалатын жұмыс сипатына және олардан күтілетін тиімділікке сәйкес келмеуі аса маңызды проблема болып табылады. Әдетте, агроқұрылыммен қолданылатын технологиялар неғұрлым заманауи болса, бұл проблема соғұрлым өткір болады. Басқаша айтқанда, АӨК үшін мамандарға деген сұраныс тек түлектердің санын көбейтуді ғана емес, сонымен қатар оларды оқыту үлгісі мен мазмұнын түбе-геялі өзгертуді талап етеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Білім беру жүйесі мен экономикадағы үнемі өзгеріп отыратын жағдайлар, нарықтың динамикалық жағдайында бәсекелестік артықшылықтарға ие болуға деген ұмтылыс университеттерді өздерінің білім беру бағдарламалары мен қызметін үнемі қайта құруға мәжбүр етеді.

Кәсіпкерлік университеттерді қайта құруға қойылатын талаптар оның қызметін тұжырымдамалық қайта қарастыруды және сәйкесінше оны зерттеудің іргелі тәсілдерін өзгертуді қажет етеді. Агроөнеркәсіптік кешенді зерттеудің салалық тәсілі өз мүмкіндіктерін сарқыды, салалық кешенді ғана емес, сонымен қатар мамандандыру нарықтарын және оны қайта құру процестерін зерттеуді біріктіретін кешенді тәсіл қажет.

Авторлар білім және агроөнеркәсіптік кешенді зерттеудің салалық тәсілін, білім беру нарықтарын зерттеудің жүйелік тәсілін біріктіретін жаңа пәнаралық тәсілді қарастырды. Әдістемелік тұрғыдан зерттеу отандық және шетелдік ғалымдардың ұлттық инновациялық жүйелерді дамыту, инновациялық динамиканы модельдеу, жүйелердің жалпы теориясы, әлеуметтанулық зерттеулер, сараптамалық бағалау және басқалары туралы еңбектерінде баяндалған ғылыми ережелерге негізделген.

Зерттеудің ақпараттық базасын ресми мемлекеттік статистиканың деректері, эко-

номикалық басылымдарда және Интернет желісінде жарияланған отандық және шетелдік ғылыми дерекқорлардың талдамалық және статистикалық материалдары; заңнамалық және нормативтік актілер, сондай-ақ авторлардың жеке орындаған зерттеулерінің нәтижелері құрайды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Білімге негізделген экономиканың қазіргі парадигмасы сапалы жаңа, үнемі өзгеріп отыратын зияткерлік еңбек нарығын қалыптастыруды қамтиды. Университеттер сыртқы ортаның сын-қатерлеріне барабар жауап беріп, қоғамның әлеуметтік талаптарына да, нарық талаптарына да жауап беруі тиіс. Олардың жоғары білім беру қажеттілігінің өсуіне және қаржыландырудың қысқаруы жағдайында мамандарды даярлау сапасына еңбек нарығының өсіп келе жатқан талаптарына жауап беруі олардың нарық-тық қатынастардың субъектілері ретінде қалыптасуы мен дамуы болып табылады. Бір жағынан білім беру – ғылым-өндіріс-инновация, екінші жағынан нарық, барлық қызметті коммерцияландыру арасында байланыс болуы тиіс және бұл университеттер құратын университеттік кешендер (УК). Университеттік кешенді қалыптастыру процесі көбінесе базалық жоғары оқу орнының түріне байланысты.

Шетелде кәсіпкерлік университетінің моделі неғұрлым дамыған, оны қалыптастырудың тұжырымдамалық принциптерін Б.Кларк тұжырымдаған (1997). Университетті басқару мәселелерін К. Камерон, Г. Минцберг, Б. Спор және т.б. әзірленген [4].

Әлемнің жетекші университеттері стратегиялық менеджментті іс жүзінде енгізуде. Қазақстандық жоғары оқу орындары ұлттық басымдықтарды, өңірлік ерекшеліктер мен өз қызметінің ерекшелігін негізге ала отырып, өздерінің даму стратегияларын әзірлеуі және өздерін университеттік ортада ұстануы қажет. Университеттердің стратегиялық даму ресурсы болып кәсіпкерлік танылады [5].

Кәсіпкерлік типтегі университеттерде студенттерді дайындаудың міндеті студенттердің кәсіпкерлік ойлауын дамыту болып табылады. Оқу кезінде олар кез келген мамандық бойынша білім алып, бизнес жүргізудің негіздерін алуға, болашақта өз бизнесін құруға көмектесетін бизнес-жобаларға қатысуға мүмкіндік алады.

Трансформация жолына түскен университеттің профилі географиялық жағдайларды ескере отырып, елдің бір бөлігінің қолданыстағы экономикалық және географиялық жағдайларының жиынтығын сипаттайтынын айта кету керек [6].

Аграрная политика: механизм реализации

Ғылыми өзiрлемелердi қаржыландыру шығындарын, ауыл шаруашылығының жалпы өнiмiнiң динамикасын және Қазақстандағы ауылшаруашылық мамандықтарының бiлiм беру бағдарламаларының сапасын қарастырамыз.

2017 жылы Қазақстанда ғылыми-зерттеу және тәжірибелiк-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) - 69 млрд. теңге, 2018 ж. – 72 млрд.теңге, ал 2019 ж. – 82 млрд. теңге бөлiндi. ҒЗТҚЖ-ға ЖОО өкiл-дерi 2017 ж. – 99 бiрлiк, 2018 ж. – 95 бiрлiк, ал 2019 ж. 92 кәсiпорын қатысты. Зерттеулердi қаржыландыруға арналған соманың тек 10%-ы ауыл шаруашылығына жұмсалады, оның тек 8%-ы өндiрiске енгiзiлген.

Ауыл шаруашылығында 2019 жылы шамамен 240 миллион еуро сомасына 85 инновациялық жобасы енгiзiлдi.

Қазақстан ауыл шаруашылығы үшiн жарамды жерлердiң (180 млн га) болуы бойынша әлемде бесiншi орын алады.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнiмiнiң жыл сайынғы өсуi байқалады, 2017 жылы ол 4 072 млрд. теңгенi құрады, өткен жылмен салыстырғанда 103,0% -ға өстi, 2018 жылы ауыл шаруашылығының ЖIӨ 4 474 млрд. теңгенi құрады және өсу 103,5%-ды құрады, ал 2019 жылы 5 151 млрд. теңгенi құрады (1 кесте).

1 кесте – Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы өнiмдерiнiң жалпы өндiрiсiнiң көрсеткiштерi

Көрсеткiштер	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
Ауыл шаруашылығы өнiмдерiнiң (қызметтерiнiң) жалпы шығарылымы млрд. теңге	4 071	4 474	5 151
Ауыл шаруашылығы жалпы өнiмiнiң (қызметтерiнiң) нақты көлем индексi, %	103,0	103,5	99,9
Өсiмдiк шаруашылығының жалпы өнiмi млрд. теңге	2249	2 411	2 818
Өсiмдiк шаруашылығының жалпы өнiмiнiң нақты көлем индексi, %	102,2	103,2	96,4
Мал шаруашылығының жалпы өнiмi, млн теңге	1 811	2 051	2 320
Мал шаруашылығының жалпы өнiмiнiң нақты көлем индексi, %	103,9	103,9	104,0

2017 жылы өсiмдiк шаруашылығының жалпы өнiмi 2 249 млрд. теңге. Негiзгi ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау: «дәндi (күрiштi қоса алғанда) және бұршақты дақылдар» – 20 585 мың тонна (бiр гектардан 13 центнер); «күнбағыс тұқымы» – 902 мың тонна (бiр гектардан 10 центнер); «мақта» – 331 мың тонна (бiр гектардан 24 центнер); «қант қызылшасы» – 463 мың тонна (бiр гектардан 274 центнер); «темекi» – 1 мың тонна (бiр гектардан 34 центнер); «картоп» – 3 551 мың тонна (бiр гектардан 194 центнер); «көкөнiстер» – 3 791 мың тонна (бiр гектардан 254 центнер).

2018 жылы өсiмдiк шаруашылығының жалпы өнiмi – 2 249 млрд. теңге. Негiзгi ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау: «дәндi (күрiштi қоса алғанда) және бұршақты дақылдар» – 20 274 мың тонна (бiр гектардан 14 центнер); «күнбағыс тұқымы» – 848 мың тонна (бiр гектардан 10 центнер); «мақта» – 344 мың тонна (бiр гектардан 26 центнер); «қант қызылшасы» – 505 мың тонна (бiр гектардан 305 центнер); «темекi» – 2 мың тонна (бiр гектардан 32 центнер); «картоп» – 3 807 мың тонна (бiр гектардан 198 центнер); «көкөнiстер» – 4 082 мың тонна (бiр гектардан 257 центнер).

2019 жылы өсiмдiк шаруашылығының жалпы өнiмi – 2 818 млрд. теңге. Негiзгi

ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау: «дәндi (күрiштi қоса алғанда) және бұршақты дақылдар» – 17 429 мың тонна (бiр гектардан 11 центнер); «күнбағыс тұқымы» – 839 мың тонна (бiр гектардан 10 центнер); «мақта» – 344 мың тонна (бiр гектардан 26 центнер); «қант қызылшасы» – 486 мың тонна (бiр гектардан 325 центнер); «темекi» – 1 мың тонна (бiр гектардан 34 центнер); «картоп» – 3 912 мың тонна (бiр гектардан 203 центнер); «көкөнiстер» – 4 355 мың тонна (бiр гектардан 261 центнер).

Мал шаруашылығының жалпы өнiмi: 2017 жылы – 1 811млрд. теңге, 2018 жылы – 2 051 млрд. теңге, 2019 жылы – 2 320 млрд. теңге. 2017 жыл соңына: «iрi қара мал» – 6 764 мың бас; «жылқы» – 2 416 мың бас; «қойлар және ешкiлер» – 18 329 мың бас; «шошқа» – 815 мың бас; «құс» – 40 млн бас.

2018 жыл соңына: «iрi қара мал» – 7 151 мың бас; «жылқы» – 2 647 мың бас; «қойлар және ешкiлер» – 18 699 мың бас; «шошқа» - 799 мың бас; «құс» - 44 млн бас.

2019 жыл соңына: «iрi қара мал» – 7 436 мың бас; «жылқы» – 2 647 мың бас; «қойлар және ешкiлер» – 2 852 мың бас; «шошқа» - 813 мың бас; «құс» - 45 млн бас.

Ауыл шаруашылығын дамытуда инновациялар мен бiлiктi мамандарға деген

Аграрная политика: механизм реализации

қажеттілік артуда. Қазақстанда статистика агенттігінің деректері бойынша 2019 жылы 125 жоғары оқу орындары бар, оларда 604 мың адам оқиды.

2020 жылы 130 мың мектеп түлегі және өткен жылдардағы орта және орта арнаулы білім алған 20 мыңға жуық түлек университетте оқуға ниет білдірді.

Жоғары оқу орындарының кәсіпкерлікпен белсенді өзара іс-қимылы елдің инновациялық дамуының құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстанның жоғары оқу орындарының агроөнеркәсіптік мамандықтарының білім беру бағдарламаларын кәсіпкерлік бағалау деңгейін анықтаудағы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік палатасы жүргізген зерттеуін қарастырамыз [7].

«Агрономия – 5В080100» мамандығы бойынша жүргізілген сараптамаға орай рейтингке 12 жоғары оқу орны ие болған,

жоғарыда, 1-ші кестеде алғашқы алты озаттар ұсынылған, ал 5-ші орында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті (3.45); 6-шы орында С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (3.31 балл); 7-ші орында С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (3.22 балл); 8-ші орында, Қазақ ұлттық аграрлық университеті (3.04 балл); 9-шы орында А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті (3.01 балл); 10-шы орында М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті (2.87 балл); 11 орында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (2.82 балл); 12 орында – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (2.33 балл) (2 кесте).

2 кесте – Қазақстан жоғары оқу орындарының мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларының рейтингі

Агрономия – 5В080100		Су ресурстары және суды пайдалану – 5В080500		Орман ресурстары және орман шаруашылығы – 5В080700		Балық шаруашылығы және балық аулау өнеркәсібі – 5В080400	
Университет	Балл	Университет	Балл	Университет	Балл	Университет	Балл
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті	3.80	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті	3.29	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	3.67	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	3.70
Семей мемлекеттік университеті	3.57	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	3.04	Қазақ ұлттық аграрлық университеті	3.24	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	2.90
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	3.57	Satbayev University	2.95	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	3.14	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2.87
М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті	3.48	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	3.72	С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті	2.83	Қазақ ұлттық аграрлық университеті	2.70

«Су ресурстары және суды пайдалану – 5В080500» мамандығы бойынша озат жеті жоғары оқуы анықталған. Алғашқы үштікте: Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті (3.29 балл); Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті (3.04 балл); Satbayev University (2.95 балл), ал 5-ші орында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (2.52 балл); 6-шы орында Қазақ ұлттық аграрлық университеті (2.48 балл); 7-ші орында М. Х.

Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті (2.30 балл).

«Орман ресурстары және орман шаруашылығы-5В080700» мамандығы бойынша озат төрт жоғары оқуы анықталған. Олар Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті (3.67 балл); Қазақ ұлттық аграрлық университеті (3.24 балл); С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (3.14 балл); С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (2.83 балл).



«Балық шаруашылығы және балық аулау өнеркәсібі – 5B080400» мамандығы бойынша озат төрт жоғары оқуы анықталған. Олар: С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (3.70 балл); Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті (2.90 балл); Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (2.87 балл); Қазақ ұлттық аграрлық университеті (2.70 балл).

Рейтинг «Атамекен» палатасы әзірлеген критерийлер негізінде жасалды, оның құрамында түлектердің орташа жалақысы, жұмыс іздеу ұзақтығы және басқа да өлшемдер ескерілген. Мамандықтар кесіндісінде бітірушілердің орташа жалақысы:

«Агрономия – 5B080100» 57 760 теңге мен 108 027 теңге аралығында;

«Су ресурстары және суды пайдалану – 5B080500» 76 153 теңге мен 150 522 теңге аралығында; «Орман ресурстары және орман шаруашылығы – 5B080700» 80 033 теңгеден 146 582 теңгеге дейін; «Балық шаруашылығы және балық аулау өнеркәсібі – 5B080400» 57 364 теңге мен 108 557 теңге аралығында.

Мамандықтар кесіндісінде жұмыс іздестіріп орналасу ұзақтығы:

«Агрономия – 5B080100» 1-6 ай аралығында; «Су ресурстары және суды пайдалану – 5B080500» 2-5 ай аралығында; «Орман ресурстары және орман шаруашылығы – 5B080700» 2-4 ай аралығында; «Балық шаруашылығы және балық аулау өнеркәсібі – 5B080400» 3-5 ай аралығында.

Рейтинг бойынша «Агрономия» мамандығы бойынша 12 жоғары оқу орны, «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы бойынша 7 жоғары оқу орны, «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша 4 жоғары оқу орны және «Балық шаруашылығы және балық аулау өнеркәсібі» мамандығы бойынша 4 жоғары оқу орны жетекші орынға ие.

Қазақстан аграрлық ел, сондықтан ауыл шаруашылығын дамыту үшін білікті мамандар қажет. Жоғары оқу орындарында болып жатқан трансформациялар, олардың инновациялық қызмет пен кәсіпкерлік бағытындағы тәжірибесі Қазақстанның жоғары оқу орындары үшін ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады [8].

Елдегі инновациялық қызметті дұрыс дамыту үшін адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігін, қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру қажет [9].

Қазақстанда кәсіпкерлік типтегі университеттерді құрудың мақсаты экономиканың ауыл шаруашылығы секторында жұмыс істей алатын, тәуекел ете алатын, инновациялылық пен бастама көрсете ала-

тын, қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілікті өзіне ала алатын болашақ кәсіпкерлерді даярлау болуы тиіс.

Университеттердің кәсіпкерлік белсенділігі білім беру қызметтерін ұсынудан бастап олардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге дейін, барабар ұйымдастырушылық құрылым мен басқару әдісін құруды көздейтін барлық қызмет түрлерінде көрініс табуы керек [10].

Аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, жоғары оқу орындарын одан әрі дамыту бағыттарын таңдау, университетті аймақта өзін көрсететін «кәсіпкерлік ұйымға» айналдырудың экономикалық тетігін әзірлеу қажет.

Тұжырымдар. 1. Көптеген дамыған елдердің экономикасы ауыл шаруашылығына тікелей байланысты екендігі анықталды, сондықтан білікті аграршылар бүкіл әлемде сұранысқа ие. Сонымен қатар, ауыл шаруашылық индустриясында үнемі жаңа технологиялар, Автоматтандыру және экологиялық принциптер енгізілуде, оларды білу қазіргі заманғы мамандарға қажет.

2. «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының рейтингтері негізінде Қазақстанның ғылыми әзірлемелерді қаржыландыруға арналған шығыстары, ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің серпіні және Қазақстандағы ауыл шаруашылығы мамандықтарының білім беру бағдарламаларының сапасы талданды.

3. Агроөнеркәсіптік кәсіпкерлік құрылымдар мен жоғары оқу орындары арасындағы тиісті келісімдер негізінде қазіргі заманның талаптарына сәйкес келетін мамандарды даярлау арқылы саланың экономикасын арттыруға болатындығы анықталды, бұл аймақтық кәсіпкерлік қоғамдастықтың қатысуымен салалық және Кешенді мақсатты бағдарламаларды іске асыру салдарынан көрсеткіштердің оң динамикасында көрінеді.

4. Бірлескен күш-жігерді үйлестіру, білікті кадрлар даярлау және бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету негізінде экономиканың аграрлық секторындағы кәсіпкерлік құрылымдардың интеграциялық өзара іс-қимылының бір нысаны болып табылатын кәсіпкерлік университеттер құру қажеттілігі негізделген.

5. Тұрақты технологиялық өзгерістер жағдайында университеттің ғылыми-зерттеу қызметі ауыл шаруашылық мамандарымен бірлесе отырып, Университет жұмыс берушілермен белсенді жұмыс істейтін, оларды оқу бағдарламалары мен ғылыми әзірлемелерді әзірлеуге тартатын қажетті компонентке айналатыны анықталды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Базарбаев, А.О. Проблемы развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан и пути их решения/ А.О. Базарбаев, Б.К. Купешова // Проблемы агрорынка.- 2019. – №3. –С. 42-48.
- 2 Молдашев, А.Б. Продовольственная безопасность Казахстана / А.Б. Молдашев, М.Т. Кантуреев, А.Г. Мадиева //Проблемы Агрорынка. -2020. - №1. -С.11-18.
- 3 Чавыкина, М.А. Подготовка кадров для агропромышленного комплекса государственных ЕАЭС / М.А. Чавыкина //Экономика труда. – 2018. - № 1. – С. 269-283.
- 4 Shulte, P. Extrabudgetary funding and the relationship between higher education, industry and society/ P. Shulte // Higher education in Europe. - 2014. - No. 2. - P. 78-82.
- 5 Программа развития НАО «Казахский национальный аграрный университет» как национального исследовательского вуза на 2018-2022 гг.- Алматы: Айтұмар, 2017. - 83с.
- 6 Основные социально-экономические показатели Республики Казахстан [Электронный ресурс].-2020.-URL:<http://www.stat.gov.kz> (дата обращения: 26.07.2020).
- 7 Рейтинг образовательных программ ВУЗов [Электронный ресурс]. -2019.-URL: <http://www.almaty.atameken.kz> (дата обращения: 26.07.2020).
- 8 Трансформация экономики Казахстана. - Астана: IndigoPrint, 2019. – 368 с.
- 9 Шерипбаева, У.А. Роль инноваций в совершенствовании деятельности фермерских хозяйств / У.А. Шерипбаева, Н.Ш. Болтаев, Д.Р. Ахмедова // Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования.-2015.- №5 (10). - С.181-186.
- 10 Омарова, Г.Т. Предпосылки и тенденции развития предпринимательских университетов в республике Казахстан / Г.Т. Омарова // Вестник Волжского университета им. В.Н. Татищева.- 2019.- Т.2.-№ 3. - С.112-119.

References

- 1 Bazarbaev, A.O. Issues of the agro-industrial complex developmentof the Republic of Kazakhstan and their solutions / A.O. Bazarbayev, B.K. Kupeshova // Problems of AgriMarket. - 2019. - No. 3. -P. 42-48.
- 2 Moldashev, A.B. Food security of Kazakhstan / A.B. Moldashev, M.T. Kantureev, A.G. Madiyeva // Problems of AgriMarket. -2020. - No. 1. -P. 11-18.
- 3 Chavykina, M.A. Personnel for the agro-industrial complex of the EAEU member States / M.A. Chavykina // Labor Economics. - 2018. - No. 1. - P. 269-283.
- 4 Shulte, P. Extrabudgetary funding and the relationship between higher education, industry and society/ P. Shulte // Higher education in Europe.- 2014. - No. 2. - P. 78-82.
- 5 Development program of the NJSC "Kazakh National Agrarian University" as a national research university for 2018-2022. - Almaty: Aitumar, 2017. - 83p.
- 6 Basic socio-economic indicators of the Republic of Kazakhstan [Electronic resource].- 2020.-URL: <http://www.stat.gov.kz> (date of access: 26.07.2020).
- 7 Rating of the universities educational programs [Electronic resource]. -2019.-URL: <http://www.almaty.atameken.kz> (date of access: 26.07.2020).
- 8 Transformation of the economy of Kazakhstan. - Astana: IndigoPrint, 2019.- 368 p.
- 9 Sheripbaeva, U.A. The role of innovations in improving farm activities/ U.A. Sheripbaeva, N.Sh. Boltaev, D.R. Akhmedova // Innovative Economy: Prospects for Development and Improvement.-2015.- No.5 (10). - P. 181-186.
- 10 Omarova, G.T. Preconditions and trends in the development of entrepreneurial universities in the Republic of Kazakhstan / G.T. Omarova // Bulletin of the Volga University. V.N. Tatischeva. - 2019.-V.2.-No.3. - P.112-119.

Информация об авторах:

Базарбаев Асылбек Ориншаихович, кандидат экономических наук, доцент, ассоциированный профессор, Университет Нархоз, Алматы, Казахстан, asylbek.bazarbaev@narхоз.kz, <https://orcid.org/0000-0002-3290-3349>

Тундикбаева Бакытгүль Куанышбековна, докторант PhD, старший преподаватель, Университет КИМЭП, Алматы, Казахстан, Baқыtgul@kimep.kz, <https://orcid.org/0000-0001-5366-5848>

Купешова Баян Куанышбековна, магистр экономических наук, страший преподаватель, Университет Нархоз, Алматы, Казахстан, bayan.kupeshova@narхоз.kz, <https://orcid.org/0000-0002-5335-8685>

